

# ФИЛОСОФИЯНЫҢ ТАҢДАУЛЫ 25 КІТАБЫ

Иммануил Кант (1724–1804)

3-тарау. Неміс философиясы



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 10. Иммануил Кант (1724–1804)

## Таза ақылға сын (1781–1787)

### Санаға салмақ салатын еңбек

Иммануил Кант өзінің артынан мол философиялық мұра қалдырды. Соның ішінде «Таза ақылға сын» деп аталатын еңбегі ерекше маңызға ие.

Философ 1724 жылы 22 сәуірде Шығыс Пруссияның Кенигсберг қаласында дүниеге келген. Бүкіл ғұмырын осы қалада өткізіп, 1804 жылы дүниеден өтті. Оның өмір сүру салты жергілікті тұрғындар арасында мәтел болып кетті. Кант күн тәртібін ешқашан бұзбай, қатаң ұстанды: таңғы бесте ұйқыдан тұрды, сағат бірде түскі ас, серуендеу үш жарымда... Француз революциясының басталғаны туралы естіген кезде, философ бұл тәртіпті бір күн ғана бұзған көрінеді. 1740–1746 жылдар аралығында ол Кенигсберг университетінде оқиды, одан кейін тоғыз жыл бойы сабақ береді, 1755 жылы приват-доцент атағына ие болады. 1770 жылы Кант университетте штаттағы профессор лауазымына тағайындалып, онда 1797 жылға дейін қызмет істейді. Осылайша, ол университетте үнемі сабақ берген алғашқы ұлы философ болды. Канттың өмірінде атап өтуге тұратындай тек бір ғана жанжал болды: 1794 жылы профессор «Қарапайым ақыл шегіндегі дін» деп аталатын еңбегін цензураның рұқсатынсыз жарыққа шығарады. Содан кейін билік басындағылар оған діни тақырыпта жазылған шығармалар жариялауға тыйым салған.

Канттың философиялық теориясының қалыптасуын екі кезеңге бөліп қарастыруымызға болады: «Сынға» дейінгі, яғни «Таза ақылға сын» еңбегінің жарыққа шығуына дейінгі кезең және сыни кезең: бұл уақытта философ тың бірқатар маңызды туындылары жарияланады, олардың ішінен екі рет басылған «Таза ақылға сын», «Тәжірибелік ақылға сын», «Пайымдау қабілетіне сын» және «Адамгершілік метафизикасының негіздері» деген шығармаларын ерекше атап өтуге болады.

«Таза ақылға сын» шығармасы – философия тарихындағы әртүрлі түсінуге болатын ең күрделі еңбектің бірі. Ол философиялық ойды одан әрі дамытуға зор ықпалын тигізді. Канттың өзі бұл кітабын әдіс туралы трактат деп есептеді. 1770 жылы ол «Сезім әлемі мен одан тысқары әлем туралы» жұмысын жазды. Бұл туынды «Диссертация» атауымен белгілі еді. Онда философ әдіснама мәселелеріне қатысты өз амалының негіздерін баяндайды. Бұл шағын кітап бес бөлімнен тұрады. Автор әлем ұғымын, сезімдік және сезімнен тыс құбылыс арасындағы айырмашылықты, сезімдік және сезімнен тыс әлемдердің құрылу принциптерін қарастырады. Сайып келгенде, осы екі әлем арасында қалыптасқан айырмашылықтар негізінде ол метафизикадағы өз әдісінің мазмұнын баяндайды. Кант осы еңбегін сыни жұмыс деп атауға болады деп топшылады. Ол кеңістік пен уақыттың мінсіз теориясының бірінші нұсқасын осында жасадым деп есептейді. Алайда 1770–1781 жылдар аралығында философ өзінің кеңістік пен уақыт тұжырымдамасын айтарлықтай дамытты. 1770 жылы ол осы екі категория жайындағы түсініктің субъективтілігін ғана анықтады. «Сында» Кант ойын одан әрі тереңдетіп, әдіс болатын идеал ұғымды іздейді. 1770 жылы біз кеңістік пен уақытты қалай көреміз деп толғанса, «Таза ақылға сын» еңбегінде оларды оқыту жолының әдістемесі туралы айтады. 1770 жылғы «Диссертациясы» осы кезеңдегі ғылыми ортада Декарт пен Лейбництің теорияларымен қабыспайтынын анық байқатты:

Кант кеңістік пен уақыттан сезімдік әлемнің шартты ұстанымдарын көреді. Адам пайымы логикалық функцияны ғана атқарады. 1770 жылғы жұмысының төртінші бөлімінде автор категориялар жөніндегі мәселелерді саралайды. Олар қай жерде шынайы қолданысқа ие болса, сондағы әлемнің сезімнен тыс ұстанымдары ретінде түсінеді. Сонымен қоса бұл категорияларды ол әлі реттелмеген жүйесіз сипатта көрсетеді. Кант өзінің жұмысында рух туралы көзқарасты әлі де әдістердің органикалық тұтастығы тұрғысынан қарамаған деуге болады. Барлық категорияларды қисынды ретке келтіру әрі оларды бірыңғай аяқталған бүтін кестеге тоғыстыру дәл сол «Таза ақылға сынның» шешуге тиіс міндеті еді. Сонымен қатар автор категориялар өзіндік затпен қалай байланысатынын және интеллектуалды категориялар сезімдік заттарда қалайша қолданылатынын түсіндіруі керек болды.



## Түйін

### Алғы сөз және Кіріспе

1781 жылы Кант өзінің алғы сөзінде бұл ғылымдарды айналып өтуге болмайтынына қарамастан, күні бүгінге дейін ғалымдар бұл салада тек пікір таластырғаннан әріге бармағанын айтады. Таза ақылды сынға алуға деген талпыныс – ондағы теориялық соғыс пен жеңісті сот процедурасы мен үкімге ауыстыру мақсатын көздейді. Сын объектінің өзіне емес, оның сұрағына қатысты: «ақыл-оймен және пайыммен не нәрсені болсын қаншалықты тануға болатынның бәрі ешқандай тәжірибеге тәуелді емес». Философ таза ақыл-ой сотын былай түсіндіреді: «Мен бұл жерде кітап пен жүйені сынға алуды емес, жалпы ақыл-ой қабілетінің барлық білімге қатысты сынын айтып отырмын, ешқандай тәжірибеге жүгінбей-ақ, ол оны жүзеге асыруға ұмтылуы әбден мүмкін, ұстанымдар негізінде метафизиканың мүмкін немесе мүмкін еместігі туралы мәселені шешуге, оның түп-төркінін анықтауға, сондай-ақ ауқымы мен шекарасын белгілеуге болар еді».

Шындығында, Кант «Екінші басылымының алғы сөзінде» атап өткендей, оның мақсаты ақыл-ойды тек жеткілікті дәйектемелер болғанда ғана пайдалану керек дегенге саяды. Философ ақыл-ойдың қолданыс аясын, ол қай тұста, шын мәнінде, өтімді болса, сол аямен ғана шектегісі келеді. Қолжетімді білім аясын шектей келіп, діни сенімге белгілі дәрежеде орын бөледі: «Егер таза ақыл-ойдан оның тылсым білімге деген тартылысын алып тастамасам, ақыл-ойды қажетті тәжірибелік мақсатта пайдалану үшін Құдайдың, бостандықтың және мәңгіліктің бар екенін тіпті ойға да ала алмас едім...». Вольфты мысалға келтіре отырып, Кант «ұстанымдарды заңдастырып орнықтырудың, қатаң дәлелдермен сыналған ұғымдарды жіті анықтаудың және қорытынды жасауда толқымалы ауытқулардың алдын алудың көмегімен ғылымның дұрыс жолына қалай түсуге болатынын» көрсеткісі келеді. «Кіріспеде» Кант пайымдауды – аналитикалық және синтездік деп жіктеп көрсетеді. Аналитикалық пайымдау дегеніміз – субъектінің атрибуты болатын, субъектінің өзіндегі предикат.

## I. Негіз туралы таза ілім

### Трансценденталды эстетика

Басында Кант «Сезім әлемі мен сезімнен тысқары әлем туралы» (1770) трактатының үшінші бөлімінде қамтылған өз пайымдауларын қайталайды. Төменде біз оларды қысқаша еске салып өтеміз.

А. Кеңістік пен уақыт идеялары сезімдік тәжірибеден туындамайды. Сезімге ықпал ететін заттарды, бір жағынан, бірізді немесе бірмезгілді деп түсінуге, екінші жағынан, егер уақыт пен кеңістік туралы алдын ала ұғым болмаған жағдайда, бір-біріне сырт нәрсе деп елестетуге болмайды.

Ә. Уақыт пен кеңістік идеялары, мәселен, ағаш идеясы секілді жалпыға ортақ емес, дара болады. Оның құрамдас бөліктері өз ішінде.

Б. Егер А мен Б ақиқат болса, онда кеңістік пен уақыт идеялары – таза түйсік (интуиция).

В. Кеңістік пен уақыт – нысан, субстанция, кездейсоқтық немесе байланыстар емес, рухтың субъективті шарттарын, негізгі заңдарын, яғни сезімдік форманың немесе феноменді (Erscheinung) әлемнің ұстанымдарын көрсетеді. Уақыт пен кеңістік идеялары – таза түйсік (интуиция).

Кеңістік идеясы – үздіксіздік постулатының негізі болса, ал уақыт идеясы – геометриялық аксиомалар негізі. Философтың «Сынында» кеңістік пен уақыт туралы тақырыптардың баяндалу тәртібі 1770 жылғы «Диссертациясындағы» ретке керісінше болды. Мұнда кеңістік пен уақыт объектіні, демек, танымды да сезім түйсінудің қажетті шарты ретінде көрініс табады.



## Трансценденталды логика

Философ еңбегінің кіріспесінде трансценденталды логика ұғымы түсіндіріледі. Объектіні тану ол туралы ойлануды талап етеді. Түйсіну арқылы жеткен ақпарат жеткіліксіз. «Түйсінудің тек сезім тұрпатында ғана болуы – біздің табиғатымыз, яғни онда бізге әсер беретін қандай да бір объект пен әдіс қана бар, сезіммен түйсіну нысаны жөнінде ойлай алу қабілеті – пайым болмақ». Түйсіну қажетті шарт бола отырып, нақты ойлау үшін қажет болған кезде дәлелді түрде априори пайымдауларға қосылатын ұғымдармен толықтырылуы қажет.

Кант логикалық пайымдау барысында әрқашан ескерілуге тиіс жалпы немесе таза логиканың екі ережесін ұсынады:

«1) Жалпы логика ретінде, тек ойлаудың таза формасымен айналыса отырып, ол кез келген пайымдық таным мазмұнынан және оның пәндерінің арасындағы айырмашылықтардан басқаға зейін аударады.

2) Таза логика ретінде, ол ешқандай эмпирикалық ұстанымға ие емес, психологиядан ештеңе алып пайдаланбайды, сондықтан пайым канонына оның мүлдем ықпалы жоқ. Ол – дәлелді ғылым, ол үшін барлығы анық әрі толығымен априори болуы керек».

## Бірінші бөлім. Трансценденталды аналитика

Трансценденталды аналитика таза ақылды зерттеумен айналысады.

### I кітап: Ұғымдар аналитикасы

Кант тек пайыммен ғана келетін априори ұғымдардың бар екені туралы терең ойланады. Ол априори ұғымның ақыл-ойда пайда болғанынан бастап, эмпирикалық шарттар арқылы туындаған қақтығыстағы көрінісіне дейін талдайды. Бұл талдаудың басты желісі – жалпы парасаттың логикалық ұғымына келіп тіреледі: «Ақылды пайым құрастыру қабілеті ретінде қарастыруға болады». Бұл пайымдар ұғымдарға ақылдан берілетін предикаттар арқылы шығарылады.

Ақыл-парасат қызметін төрт топқа бөлуге болады, олардың әрқайсысының 3 түрлі сипаты бар:

- Пайым саны (олар жалпы, дербес немесе жеке болуы мүмкін – санның осы үш сипаты гегельдік диалектиканы күн ілгері сезгендей);
- Пайым сапасы (құптаушы, терістеуші, шексіз);
- Пайым қатынасы (категориялық, гипотетикалық, бөлуші);
- Пайым модальдығы (проблемалық, ассерторикалық, аподиктикалық).

Синтез білімнің қалыптасу актісінің әртүрлі элементтерден құралатынын, қиялмен басқарылатынын және кез келген ойлау актісінің негізін құрайтынын көрсетеді. Синтез жалпы объектіге орын табуға мүмкіндік туғызатын ұғымдар арқылы келіп шығады. Түсініктердің саналуандығы – қашанда объект туралы әртүрлі ұғым туғызады. Синтездің негізінде ұғымның формалды құрылымы болатын категориялар жатыр. Кант оларды әрқайсысы үш категориядан тұратын төрт топқа бөледі:

- Сан (бірлік, көптік, біртұтастық);
- Сапа (нақтылық, терістеу, шектеу);
- Қатынас (тиісті мән және жеке өмір сүру, себептілік және тәуелділік, қарым-қатынас);
- Модальдық (мүмкіндік – мүмкін еместік, өмір сүру – өмір сүрмеу, қажеттілік – кездейсоқтық).

Бұл категориялар – әу бастан ақылда априори болатын синтездің таза ұғымдары. Дәл солардың арқасында ақыл таза болады. Бұл – пайым ұғымы. Әр таптағы үшінші категория



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 10. Иммануил Кант (1724–1804)

бірінші мен екіншінің бірігуінен пайда болады. Мысалы, біртұтастық дегеніміз – бірлік ретінде қарастырылатын көптіктен басқа ештеңе де емес. Содан кейін Кант таза ақыл ұғымдарын шығарудың принциптерін қарастырады. Ұғымдар тәжірибенің мүмкіндігіне объективті негіз болады. Таза ақыл ұғымдары тәжірибеге мұқтаж емес, дегенмен оларды терістемейтін объектілерді қабылдауға мүмкіндік береді. Синтез үш кезеңнен өтеді:

- пайымдағы жанның модификациясы ретіндегі түсініктерді ұғыну синтезі;
- осы түсініктерді қиялда жүзеге асыру синтезі;
- оларды ұғымдарда тану синтезі.

Білімнің үш субъективті қайнар көзі бар: сезім, қиял, апперцепция, яғни түйсіну. Олардың әрқайсысын эмпирикалық деп қарастыруға болады. Бірақ олар – априори негіз де, осы эмпирикалық қолданыстың өзін мүмкін ететін негіз де бола алады. Сезім түйсінудегі құбылыстарды эмпирикалық түрде, қиялда – ассоциациялы, тануда – апперцепциялы күйде қабылдайды.

## II кітап: Негіздер аналитикасы (пайымдау туралы трансценденталды ілім)

Білім өрісін ықтимал тәжірибенің шегінен асыра кеңейтуге қабілетті ақыл-ойға қарағанда пайым трансценденталды логиканың объективті маңызы бар канондарына бағынады. Олар осы ғылымның аналитикалық бөліміне жатады. Кант өз кітабында пайымның трансценденталды қабілетіне жалпы анықтама береді және таза ақыл ұғымдарының схематизмін көрсетеді. Априори негіздер жоғары немесе жалпы білімге сүйенбейтінімен ерекшеленеді. Содан соң философ таза ақылдың барлық негіздерінің жүйесін құрады. Оларды аналитикалық және синтездік негіздері деп жіктейді. Таза ақылдың синтездік негіздеріне келетін болсақ, Кант интуицияның аксиомаларын, түйсінудің, тәжірибенің ұқсастығын және жалпы эмпирикалық ойлаудың постулаттарын егжей-тегжейлі зерттейді. Соңында барлық объектілерді феномендер мен ноумендерге бөлудің негіздерін зерделейді.

Феномен дегеніміз – сезіммен қабылданатын образ. Ал ноумен дегеніміз – ол интуицияда бар, бірақ сезімдік интуицияда бола алмайтын ақыл объектісі. Кітаптың бұл бөлімі «ештеңе» ұғымы туралы толғаныстармен аяқталады.

## Екінші бөлім. Трансценденталды диалектика

Кант үшін диалектика дегеніміз – көріністің логикасы. Ақиқат немесе көрініс біздің көзімізге түскен затта емес, осы зат жөнінде ойланған кезіміздегі түйген пайымымызда болады. Сезім алдамшы болмайды, өйткені онда түйінді пайым жоқ. Көрініс тек пайым деңгейінде, яғни заттың ақылымызға әсері деңгейінде болады. Мұнда бізді адасушылыққа жетелейтін қайнар көздер де пайда болуы мүмкін. Одан бізді сын ғана құтқаруы тиіс. Таза ақыл – трансценденталды көріністің бастауы. Енді оның қалай жұмыс істейтінін түсінуге талпыныс жасап көрейік.

## I кітап: Таза ақыл ұғымдары туралы

Идеялар, нақтырақ айтсақ, трансценденталды идеялар қалай қалыптасады? Кант трансценденталды идеяларды бір жүйеге келтіреді. Ол біздің түсініктерімізде болуы мүмкін байланыстарды, субъектімен, объектілермен, жалпы бүкіл заттармен байланыстарды ескереді. Осыған сүйене келе, ол трансценденталды идеяларды үш топқа бөледі: ойлаушы субъектінің абсолютті бірлігі, құбылыстардың бірқатар шарттарының абсолютті бірлігі, жалпы ойлаудың барлық объектілерінің абсолютті бірлігі. Сәйкесінше, осы үш топ трансценденталды психологияның, космология және теологияның зерттеу объектісі болады.



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 10. Иммануил Кант (1724–1804)

## II кітап: Таза ақылдың диалектикалық түйіндері туралы

Бұл кітапта таза ақылдың ой-тұжырымдарының формалары егжей-тегжейлі зерттеледі. Алдымен, Кант таза ақылдың паралогизмдеріне ой жүгіртеді. Паралогизм мазмұнының қандай болғанына қарамастан, ой-тұжырымның жалған формаларынан тұрады. Философ паралогизмдер пайда болатын төрт жағдайды қарастырады, олар субстанциялықпен, қарапайымдықпен, тұлғамен немесе мінсіздікпен байланысты болуы мүмкін. Содан кейін Кант таза ақылдың антиномияларына көшеді. Бұл бөлімде ол ақылға жүгінгенімізде, тәжірибе нысандарына сана негіздерін жай ғана қолданып қоймай, осы негіздерді тәжірибенің шегінен асыра таратуға ұмтылған сәтте не болатыны жөнінде ой толғайды: «Тәжірибемен тиянақтауды қажет етпейді және оның тарапынан терістеуді де күтпейтін ақылдымысыңан ахуал туындайды; сонымен бірге олар әрқайсысы өз алдына қарама-қарсылықтан азат бола тұрып, ақыл-ой табиғатынан өздерінің қажетті орындарын иеленеді; бірақ, өкінішке қарай, қарама-қарсы ұйғарым тарапының да дәл осындай бұлжымас негіздеделері жеткілікті».

Кант ақылдың осы антиномияларға тап болған жағдайларына мысал келтіреді. Олардың себептерін зерттеп, ақылдың осы шиеленістен қалай және қандай жағдайларда айқын білімге жол тауып шығатынын көрсетеді. Антиномияға мысал ретінде, космология саласын: дүниенің жаралуын алайық. «Дүниенің басталу уақыты белгілі, кеңістігі де шектеулі» деген тұжырымға «Әлемнің уақыт жағынан бастауы да, кеңістігінің шегі де жоқ, ол уақыт жағынан да, кеңістік жағынан да шексіз» деген тұжырым қайшы келеді.

Тағы бір антиномия – Құдайдың дүниеге қатынасы жайында: Құдайдың барын да, жоғын да дәлелдеуге болмайды. Осы антиномияларда ақыл өз-өзімен қайшылыққа түседі. Дегенмен ақыл бұл қиындықтардан міндетті түрде шығуы тиіс. Оған қалай қол жеткіземіз? Алдымен, Кант осы мәселеге қатысты скептикалық және аналитикалық амалдарды талдайды. Содан кейін ақыл-ойдың өз-өзімен космологиялық қақтығысқа тап болуын сыни тұрғыда шешуді ұсынады. Таза ақылдың космологиялық идеяларға қатысты реттеуші ұстанымын баяндап, осы принципті эмпирикалық түрде қолданудың мүмкіндігі жөнінде айтады. Таза ақылдың идеалына арналған келесі бөлімде философ Құдайдың бар екенін космологиялық тұрғыда дәлелдеу мүмкін емес деген қорытындыға келеді. Ол Құдайдың болмысы немесе бейболмысы жайындағы көкейге қонымды дәлелдің бәрін теріске шығарады. Кант теологияның ақылға негізделуі еш мүмкін емес деген тұжырым жасайды. Құдайдың бар болуы ақылға жүгінудің заңдылығына қайшы келмейді.

## II. Әдіс туралы трансценденталды ілім

Бұл соңғы бөлім догматикада және пікірталаста, гипотезалармен және дәлелдермен қатынаста қолданылатын таза ақыл мәнін қарастырады. Сонымен бірге Кант біздің ақылды таза пайдалануымыздың түпкі мақсаты туралы мәселені зерттейді. Ол жоғары игілік идеалын ақылдың түпкі мақсатын анықтаудың негізі ретінде ұсынады. Ойды, білімді және сенімді қолданудың салаларын шектейді. Осы еңбектің қорытындысы таза ақыл-ойдың архитектурасы мен тарихын қарастырумен аяқталады.

## Түсіндірме

«Таза ақылға сын» еңбегін әрқилы түсінуге болады. Кейбір философтар одан Фихте мен Шеллинг ілімі арқылы Гегель философиясына апаратын кезеңдік жолды көрсе, енді біреулері гегельшілдік пен позитивизмнің ортасындағы аралық ұстанымды аңғарады. Марбург мектебі оны тәжірибе теориясы деп санайды. Кантты терең зерттеген Хайдеггер болса, оның ілімі іргелі онтологияны нығайта түсті деп есептейді. П.Ф. Строусонның пікірінше, ол қандай да бір трансценденталды идеализмнен азат дескриптивті метафизиканың негізін қалаған. Біздің ойымызша, Канттың бұл еңбегінен оның сыни бағдарын, яғни ақылға ұғынықты салалардың шегін



анықтауға деген ұмтылысын атап көрсетуге болады. Бұл мақсат философияның университеттегі алғашқы шығармаларынан да анық байқалады. Ол кезде Кант философия жолына түсуге әлі түбегейлі шешім қабылдамаған еді және басқа да ғылымдарға қызығып жүрген болатын. «Таза ақылға сын» еңбегінде Кант жиі сілтеме жасаған көрнекті философ Вольф ғылым жөніндегі ілімді қалыптастырғысы келді. Ол кездегі ғылыми пікірталас қалай еді? Декарт денені сырттан оған қозғалыс келіп қосылатын кеңөріс деп санады. Лейбниц болса, кеңөрісті субстанция деп есептемейді. Оның пікірінше, кеңөрісті денелердің қабысуымен де, қарсыласуымен де түсіндіруге болмайды. Лейбниц денелерде «жанды күш» болады деп санайды. Басқаша айтқанда, картезиандық механицизмнің орнына ол жалпыға ортақ динамизм теориясын ұсынады. 1746 жылы Кант «Жанды күштердің шынайы бағасы туралы толғаныс» деген еңбегінде бұл мәселеге басқаша қарау керегін аңғартады. Декарт денені математикалық тұрғыдан ғана қарастырып, оның кинетикалық энергиясын массаның жылдамдыққа көбейтіндісімен ( $MV$ ) көрсетеді. Механистік логикаға сәйкес, ол барлық күштерді өлі күштердің немесе инерцияның моделі бойынша қарастырды. Ал Лейбниц өзінің динамикалық тұжырымдамасының аясында интуитивті түрде жанды күш ұғымын ұсынады. Ол оны массаның жылдамдықтың квадратына ( $MV^2$ ) көбейтіндісі арқылы көрсеткісі келді. Кант энергияның осыған дейін Д'Аламбер енгізген ақиқат формуласын ( $E = MV^2/2$ ) білмесе де, Декарттың формуласын дұрыс деп санайды, бірақ оны тек инерцияға ғана қатысты қолдануға болатынын атап көрсетеді. Сонымен бірге ол Лейбництің теориясын түсінеді де, оның формуласын жанды күштерге қолдану дұрыс деген ойға қарай ойысады. Жозеф Комбэнің пікірінше, Кант шынайы әдіс «жанды және өлі күштердің шектеулі және жойылмайтын сипатына мән беріп, олар қарекет ететін салаларды анықтауда» көрініс табуы тиіс деп ұйғарады.

Өлі күш – математика, ал жанды күш – физика саласына тиесілі. Осы салалардың әрқайсысы өз әдісін пайдаланады. Бұл метафизика үшін де дұрыс. Оның өз зерттеу саласы бар, сондықтан басқа ғылымдардың тұжырымдарына сүйенуінің қажеті жоқ, себебі олардың әдістері мүлдем өзгеше. Сөйтіп, Канттың мұрасын зерттеуде сынға дейінгі және сын кезеңінің арасына қатаң шекара қойылса да, оның университет қабырғасында оқып жүрген кезінде-ақ сыни әдістің кейбір ережелерін қолданғаны анық байқалады. «Таза ақылға сында» априори пайымдаудың өлшемдері – қажеттілік пен әмбебаптық жете зерттелген. Тәжірибе бізге ешқандай қажеттіні де, әмбебапты да бермейді. Өткен күндердің бәрінде «күн шықты және күн батты» деген фактіден ақыл ғана «күн ертең шығады» деген қорытынды түйеді. «Ертең» ұғымы бізге тәжірибемен берілмейді, ақылмен келеді. Канттың еңбегі тәжірибе мен ақыл арасындағы осы айырмашылыққа арналған. Юм «таным – тәжірибенің мәліметтер шегінен шығу» деген ережені бұрын ұсынған болатын. Дегенмен Ж. Делёз атап көрсеткендей, Юм таным тәжірибе шегінен шығуға көмектесетін субъективті принциптерді қолдануды қажет ететінін жақсы түсінгенімен, оларды «адам табиғатында» болатын, біздің өз түсініктерімізбен байланысты ассоциациялардың психологиялық принциптері деп есептеді. Кант бұл мәселені түбегейлі өзгертті: ол бізге сезілетін және табиғатты құрайтын нәрселер біздің түсініктеріміздің қозғалысын реттейтін ұстанымдар сияқты ережелерге бағынуы қажеттігін көрсетеді.

«Бұлар – біздің субъективті түсініктерімізді анықтайтын ұстанымдар, сондай-ақ тәжірибенің мәліметтері біздің түсініктерімізге сәйкес келетінін байқататын факті де», – дейді Ж. Делёз.

Сонымен, ұстанымдардың субъективтігі эмпирикалық немесе психологиялық та емес, трансценденталды болады. Канттың «Таза ақылға сынының» философияға қосқан басты үлесі де осында көрініс тапқан.